



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№142
(20018)



22 қыркүйек, сейсенбі 2020 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

ЭКОНОМИКА

2 Көше көркі – жол



ТАҒЫМ

3 Өшпес ерлік



COVID - 19

3 Билл Гейтстің болжамы



ӨРКЕН

4 «Балаң көп болса, бауырмал болады»



ҚАБЫЛДАУ

ҚАЙРАТКЕРГЕ ҚҰРМЕТ



Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова қоғам қайраткері, экономика ғылымдарының докторы, профессор Бакберген Досманбетовті қабылдап, мерейлі 75 жасымен құттықтады.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ, «Сыр бойы»

– Сізді Сыр жұртшылығы атынан мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын! Сыр өңірінің білім саласының дамуына қосқан еңбегіңіз зор. Халықаралық заңдарды, конвенцияларды ратификациялауда белсенділік танытып, саяси-экономикалық реформаларды, Қазақстан азаматтарының әл-ауқатын нығайтып, дамытуға бағытталған мемлекеттік саясатты сәтті жүзеге асыра білдіңіз, – деді облыс әкімі.

Мұнан кейін аймақ басшысы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтауын жеткізді. Онда «Бакберген Сәрсенұлы, өзіндік отандастарымыз саяси әкімшілік қызметте шыңдалған, мол тәжірибе жинақтаған іскер басшы, абыройлы азамат ретінде жақсы біледі. Парламент Сенатының депутаты болып, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосып, қаржы және бюджет салаларын реттеуге бағытталған отандық заңнаманы жетілдіруге атсалыстыңыз. Алдағы уақытта да қоғамдық-саяси істерге белсенді араласып, еңбегіңіздің жемісін ұзағынан көре беріңіз. Сізге зор денсаулық, ұзақ өмір мен құт-береке тілеймін» делінген.

Шара барысында облыстық мәслихат хатшысы Қылышбай Бисенов, республикалық «Тіл сақшысы» газетінің бас редакторы Сәдуақас Аңсап мерейтой иесін құттықтап, лебіздерін білдірді.

Бакберген Сәрсенұлының еңбек жолы теміржол саласында қатардағы жұмысшыдан басталды. Кейін Н.Тоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институты комсомол комитетінің хатшысы, оқытушы, аға оқытушы, кафедра меңгерушісі, проректор, ректор қызметтерін абыроймен атқарып, Сыр өңірінің білім саласының дамуына өз үлесін қосты. Кәсіби біліктілігі мен мол тәжірибесінің арқасында еңбек жолын мемлекеттік қызметпен де ұштастыра білді. Тауелсіздіктің алғашқы жылдары Қызылорда қаласының әкімі болып тағайындалып, ауқымды жобаларды жүзеге асырды. ҚР Парламенті Сенатының екі шақырылымында депутат болып сайланып, Қаржы және бюджет комитетінің хатшысы қызметін атқарды. Мемлекет және қоғам қайраткері – 2 ғылым докторы және 10-ға жуық ғылым кандидатын тәрбиелеп шығарған ұстаз-ғалым. «Құрмет», «Парасат» ордендерімен және түрлі медальдармен марапатталған.

Бакберген Досманбетов қаламыздағы «Болашақ» университетінің негізін қалап, Сыр өңірінің жастарына үздіксіз кәсіби білім беруді ұйымдастырып келеді.

Кездесу соңында мерейтой иесі көрсетілген құрметке алғысын білдірді.

ЖӘРМӨҢКЕ

СЫР ӨНІМІ ЕЛОРДАЛЫҚТАРДЫ ҚУАНТТЫ

Күз – қашаннан тоқшылық пен молшылықтың мезгілі. Егін даласында ерте көктемнен ала жаздай білек түре еңбек еткен егіншілер осы қоңыр күзде төккен тердің жемісін көріп, рахатқа кенеледі. «Елде болса, ерінге тиеді» дегендей, өңір дикандары жаз бойғы еңбектерінің нәтижесін елордалықтарға да паш етуді дәстүрге айналдырған. Биыл да бұл игі дәстүр жалғасын тапты. Өткен сенбі-жексенбі күндері Нұр-Сұлтан қаласындағы «Хан Шатыры» сауда орталығы маңында Қызылорда және Ақтөбе облыстарының ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі өтті.

Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

Облыс әкімінің орынбасары Бахыт Жаханов бастап, жәрмеңкеге өңірдің жеті ауданы мен Қызылорда қаласының 70-ке жуық шаруашылығы мен кәсіпорны қатысты. Жылдағы дәстүрмен танертенгісінен басталған сауда бұл жолы да өзіндік сәнімен өрнектелді. Күн қабағы да Сыр елі халқының ашық-жарқын, жайдарлы мінезіндей кеңшілік танытты. Сол күнгі ауа райының жайлы болуы елордалықтар да осылайша қабылдап жатты.

Жәрмеңкеде жалпы құны 100 млн теңгені құрайтын 440 тоннадан астам ауылшаруашылық өнімдері сатылды. Соның ішінде 207 тонна ақталған күріш, 27 тонна балық және балық өнімдері, 28 тонна асқабақ, 126,5 тонна бақша, 18 тонна көкөніс пен жеміс

және 14,5 тонна басқа да өнім түрлері ұсынылды.

– Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесіне 47 автокөлікпен 447 тонна өнім алып келдік. Негізгісі, өңір бренді – күріш, әрине. 186 тонна көкөніс, бақша өнімдері келді. Сонымен бірге сүт өнімдері де бар. Тез бұзылатын сүт өнімдері секілді тауарларды арнайы рефрижератор көлігімен жеткіздік. Мұндағы коммуналдық базарлардың бағасын қарап шықтық. «Егін даласынан сөреге дейін» атты акциямен келіп отырғандықтан, нарық бағасынан 10-20 процентке төмен сатылуда, – деді облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Шахмардан Қойшыбаев.

2-бет



АУЫЛ – ЕЛ БЕСІГІ

ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРГЕ ТАЗА СУ БАРАДЫ



32 мың халқы бар Жаңақорған кентіне 194 шақырым су құбыры тартылуы тиіс. Одан бөлек, 5742 дана сусемтегіш орнату жоспарланған. «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында «Жаңақорған кентінің тұрғын үйлеріне су құбырын жеткізу сервистік желісін салу» құрылысы жобасы іске асырылуда.

Ержан ҚОЖАСОВ, «Сыр бойы»

Біршама қиындықтарға кезіккен жұмыс жыл аяғына дейін бітуі тиіс.

– Бас мердігер мекеме – Қызылорда қаласынан «ҚАЗ құрылыс сервисі» ЖШС. Биыл құны 444 млн, 887 мың теңгеге келісім-шарт жасалып, 38 млн 119 мың теңге аванстық жасалды. Жергілікті тұрғындар арасынан жұмысшылар мен техникасы бар азаматтар осы құрылысқа тартылуда. Біздің мақсат – бөлінген қаржыны жыл аяғына дейін игеріп, сапалы, таза суды тұрғын үйлерге кіргізіп беру, – дейді аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жол-ауылшаруашылық және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Зейнолла Өшірбеков.

Мамыр айы басталғаннан

құрылыс жұмыстары бойынша мердігер 16 шақырым сервистік су жүргізіпті. Бүгінде кенттегі Хорасан ата, Сыздық Ахметов, Оразбек Қашқынов, Раушан Өбенқожа, Аюпов, Қорған Тоғай, Шокан Уәлиханов көшелері мен «Алтықрант» ықшам ауданындағы үйлерге су құбыры тартылып біткен. Бөлім басшысының айтуынша, қазірдің өзінде 310 үйге ауызсу құбыры кіргізіліпті. Енді есептегіш құралдарын орнатып, су жіберуге дайындық жүруде.

Кентте «ҚАЗ құрылыс сервисі» ЖШС-нан екі бригада жұмыс атқаруда. Бригада құрамы 20 адамнан, 6 экскаватормен жасақталған.

Жаңақорған ауданы

ЖЕДЕЛ ЖАҒАЛЫҚТАР

Облыстық фестиваль өтті

Қармақшы ауданында К.Рүстембеков атындағы «Жыраулар үйінің» ұйымдастыруымен ақын Мұзарап Жүсіпұлы мен жырау Рүстембек Жиенбайұлының 115 жылдығына арналған «Мұзарап – әннің булбулы, Рүстембек – жырдың дүлдүлі» атты облыстық жыраулар фестивалі мен жас ақындар айтысы өтті.

Мәдени шараны Қармақшы ауданы әкімінің орынбасары Жарқын Омаров ашып, өнерпаздарға сәттілік тіледі. Жыр фестивалін даңғайыр жыраулардың ұрпағы Бидас Рүстембеков, Қасарбек Кәрібаев, Балтабай Бедобас, Айгерім Ешбаева, Әділхан Қуанбаев, Байбөл Көшенеевтер бастап шықса, айтылды Арал мен қарт Қаратау аралығынан келген 6 жас ақын Еркебұлан Серіков (Қармақшы ауданы), Жанұзақ Серіков (Қазалы ауданы), Қаламқас Жаулыбаева (Қармақшы ауданы), Бағдәулет Әбілдаев (Қызылорда қаласы), Дильназ Ержігіт (Шилелі ауданы), Дамир Айтбай (Жалағаш ауданы) қатысып, өрелі сөздің кестесін келтіре жырлады. Қазылар алқасының шешімімен Дильназ Ержігіт бас жүлдені иеленсе, Бағдәулет Әбілдаев І орын, Қаламқас Жаулыбаева мен Дамир Айтбай ІІ орынды иеленді. Ал Еркебұлан Серіков мен Жанұзақ Серіков ІІІ орын алды.

Айыппұл салынды

Жалағаш кентінде қараусыз жүрген мал иелеріне айыппұл салынды. Бұған дейін тұрғындарға жеке иелігіндегі үй жануарларына егелік ету жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілген. Соған қарамастан тұрғындар уақ малын көшеге шығарып жіберуін тоқтатпай отыр.

Кент әкімі аппараты, ауыл шаруашылығы бөлімі мен «Ветстанция» ҚММ мекемелерінің қызметкерлерінен кезекшілік ұйымдастырылып, көше бойында жүрген, жасыл желектерді бүлдірген үй жануарлары арнайы қораға қамалуда. Осы уақытқа дейін 15 кент тұрғынына ескерту түріндегі шара қолданылса, 8 тұрғынға 3 айлық есептік көрсеткіш (яғни, 8 334 теңгеден) айыппұл салынды.

Заң бұзғандар анықталды

Қызылордада 477 шетелдік көші-қон саласындағы заңнаманы бұзған. Жыл басынан бері көші-қон қызметі жалпы 69 мыңнан астам мемлекеттік қызмет көрсетті, оның 66 мыңы электронды түрде, ал 2 мыңы қағаз түрінде.

Пандемияға байланысты облыс аумағына шетелдіктердің келуі азайды. Қазір көші-қон қызметі облыс аумағына түрлі мақсатпен келген 2 мың 800 (2019 ж – 20319) шетел азаматын уақытша тіркеуге алды (өткен жылмен салыстырғанда 86% төмен). Сондай-ақ, елдегі қалыптасқан ахуалға байланысты Үкімет шетел азаматтарының елімізде болу мерзімін 2020 жылдың 1 қарашасына дейін ұзарту туралы шешім қабылдады.

ЕГІН – 2020

ЕҢБЕК АҚТАЛАР СӘТ ЖАҚЫН

Егін даласында қайнаған жұмыс. Шаруалар піскен астықты орып, шашпай-төкпей жинап алу қамында. Осы орайда, Сырдария ауданына қарасты «БАҚ» шаруа қожалығының дикандары бітік өскен күріш алқаптарындағы дән қамбаны толтырады деп үміттеніп отыр.

Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы»

Шаруа қожалығы 500 гектар жерге күріш екті. Оған қоса, биыл 50, жана жоңышқа 105, ескі жоңышқа 150 гектар жерге себілді. Ескі жоңышқа 3 рет орылып, жиналды. Қазір пресін 400 теңгеден сатуда. Жергілікті халыққа бұдан да арзан бағада өткізуде.

– «Егіншілік – ежелгі кәсіп, еңбекшіге – нәсіп» деп бекер айтылмаған. Ала жаздай бел жазбай еңбек еткен шаруалар биылғы жиын-терім науқанын мерзімінде бастады. Техника күші жеткілікті. Ендігі міндет – әрбір дәнді қалдырмай жинап, игілікке жарату болып тұр, – дейді шаруашылық төрағасы Серік Әбжалиев.

Биыл алқапқа күріштің екі түрлі сорты себілген. Атап айтар болсақ,

«Лидер» және «Ай-Керім». Жалпы, «БАҚ» шаруа қожалығы 2013 жылы құрылған. Қазір онда 65-тей адам еңбек етеді. Жалақылары уақытылы, жағдай жасалған. Дикандар 60 центнерден жоғары өнім алууда.

– Осы шақ – шаруалар үшін жауапты кезең. Өнімді дер кезінде жинап алу керек. Ауа райының қолайсыздығынан күріш кеш пісті. Масақтың жоғарғы жағы піскенмен, төменгі бөлігі пісе қоймаған. Сол себепті кештеу іске кірістік. Бірақ техникалар жана, мүмкіндігі мол болғандықтан, уақытылы жиналуда. Сонымен қатар биыл су мәселесі қиындау болды. Бұл тығырықтан шығу үшін арнайы насостарды қолдандық, – дейді ол.

2-бет





ПРАЙМЕРИЗ: кандидаттарға сәттілік тіледі

Кеше «Nur Otan» партиясының праймеризіне қатысушы сырбойлық үміткерлердің арасындағы 47-ші жария пікір-сайыс өтті. Саяси додаға жеребе арқылы анықталған 4 үміткер қатысты. Додаға «Nur Otan» партиясы облыстық филиалының төрағасы, облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова арнайы қатысып, үміткерлерге сәттілік тіледі.

— Бұл праймериз — нағыз мықтыларды анықтайтын дода. Туңғыш Президент-Елбасы, Партия Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев праймеризді әділ әрі жоғары деңгейде өткізуді тапсырды. Праймеризге қатысушылардың барлығы елдің ертеніне сеніммен қарайтын нағыз майталмандар деп бі-

лемін. Облыстағы барлық праймеризге қатысушы кандидаттар дебаттарды тиімді пайдаланып, өз мүмкіндіктері мен біліктіліктерін көпшілікке көрсетуі тиіс. Осы орайда барлық үміткерлер алдағы дауыс беруде жоғары нәтиже көрсетіп, партияластарымыздың сеніміне ие болады деп сенеміз. Ал, да-

уыс беруші партияластарымыз қоғамның сеніміне ие болған, беделді көшбасшыларды анық айқындап, өз таңдауларын жасауы керек. Баршаңызға саяси додада сәттілік тілеймін, — деді облыс әкімі.

Жария пікірсайыс ашық әрі тікелей эфирде өтті. Әрбір үміткер 5 минут ішінде өз бағдарламалары мен өзекті мәселелердің шешілу жолдарын баяндаса, екінші бөлімде сұрақ-жауап арқылы пікір алмасты. Сондай-ақ, үміткерлер тікелей эфирде Facebook әлеуметтік желісінен келіп түскен сауалдарға да жауап берді. Облыс бойынша прайме-

рирге 502 үміткер тіркелген. Бүгінгі күнге дейін 47 дебат ұйымдастырылып, олардың 248-і жария пікір сайысқа қатысқан. Саяси дебатта үміткерлер жастардың жұмыспен қамтылуы, бұқаралық спортты дамыту, кәсіпкерлікті қолдау, ғылым мен білімді жетілдіру, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға кедергісіз орта құру мәселесін қозғады.

Өз бағдарламаларының басым бағыттарын ұсынған кандидаттардың бірі коммуналдық қызметтерге қатысты тарифтерді арзандату, білім саласын цифрландыру мәселелерін алға тартса, енді бірі әр

өңірдің ерекшеліктерін ескере отырып, ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтайтын қойма салу, аналар мәртебесі туралы заң қабылдау, мүмкіндігі шектеулі азаматтарды жан-жақты қолдау шаралары туралы ұсыныстарды ортаға салды.

Айта кету керек, жария пікірсайыс 28 қыркүйек күні аяқталды. Ал, 1-3 қазан аралығында үміткерлерге дауыс беріледі. Бұл мақсатта «Nur Otan» партиясы облыстық филиалы тарапынан дауыс беруге және дебаттарды өткізуге арналған 133 орын белгіленген.

«СБ» ақпарат

САПА

«КӨЛЕҢКЕЛІ ЭКОНОМИКА»: одан шығудың жолдары қандай?

Әлемде көптеген елдерде коррупциямен күрес тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Шындығына жүгінісек, әзірге оны толық жеңген ешкім жоқ, бірақ бірқатар елдерде күрес барысы біршама жемісін беріп жатқанын атап өткіміз келеді.

Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ, «Сыр бойы»



Кешегі Жолдауда Президенттің атап көрсеткеніндей, еліміздің ішкі жалпы өнімінің үштен біріне жуығы есепке алынбай, көлеңкеде қалып келеді. Бұл бюджет қаржысын арттыруға үлкен негіз болып табылады.

Бірақ сарапшылар бұл көрсеткіштің бұдан да жоғары екенін айтады. Мысалы, жуырда қазақстандық белгілі сарапшы, экономист Максат Халықтың басшылығында жарияланған пікірінше, бейресми дерек одан әлдеқайда жоғары, тіпті 50-60 пайыз деген де болжам бар. Егер бұл дерек шындыққа жанасатын болса, онда аса көп қаражат — 30 трлн теңгеден артық ақша «көлеңкелі» айналымда жүр деген сөз. Осыны қаржы ашық айналымға шықса, онда бюджеттің де табысы артып, тапшылық болмас еді. Сырттан қарыз алмай-ақ біраз мәселені еліміздегі ақшамен де шешуге мүмкіндік туар еді деді М.Халық.

Жалпы, осы деректі мен көптеген тәуелсіз сарапшылардың, белгілі экономистердің өз аузынан естігенімді жасырғым келмейді. Демек, 30 трлн теңге «көлеңкелі» айналымда жүр. Шындыққа жанасымды ма? Дегенмен, өз басым бұл дерекке біршама сақтықпен қарайтынмын дағуы тағы жасырғым келмейді. Себебі барлығы салыстырмалы түрде анықталатынын ескерсек, әлгі ақша бүгінгі бағамен 70 млрд долларды құрайды, яғни Республиканың 2 жылғы бюджетінен асып түседі.

Сонымен бірге бір мәселені ашық айтпаса болмайды. «Көлеңкелі экономика» айналымында жүрген қаржының барлығынан коррупцияның ізін көрудің реті жоқ, ол тіпті, керек десеңіз, біздің әрқайсымызға тән, күнделікті өмірде сезіле бермейтін құбылыс.

Сарапшылардың пікірінше, «көлеңкелі экономикаға» қарсы күрестің ең тиімді, дамыған елдерде тәжірибеден өткен тәсілі — цифрлы технологияларды мейлінше көп пайдалану. Қазақстанда бюджеттен бөлінген қаражаттың игерілуі барысына ашықтық жетіспейді. Дұрысы, бөлінген қаржы тиісті жердің бюджетіне бірден түсуі керек. Арада ешқандай делдалдар болмауы керек. Барлық сату-сатып алу операцияларында адам факторыды барынша азайтып, цифрлы технологияларды пайдаланған тиімді болады.

Бірқатар сарапшылар жалпы бірдей табыс декларациясын да іс жүзінде асыратын уақыт жеткенін айтады. Бұл «көлеңкедегі» қаржының «жарыққа» шығуына, айналымдағы ақша көлемінің артуына ықпал етеді.

Сонымен бірге ірі компаниялар ғана емес, шағын және орта бизнесте де табысын жасыру, өнім көлемін немесе бағасын арзандатып көрсету өріс алып отыр. Айталық, азық-түлік шығарушылардың өзі дүкендерге өткізген тауарын азайтып көрсетіп, үстіндегі қолма-қолма табысын қалтаға басыу үйреншікті жағдайға айналған. Салықты аз төлеу, өндірісті азайтып көрсету, жұмысшының санын да, оларға төлейтін жалақыны да кемітіп көрсету, еңбекқанын конверт-

пен беру, «көлеңкелі экономикаға» еңбек сіңіріп жатыр.

Сарапшылардың пікірінше, Еуропаның дамыған елдерінде «көлеңкедегі» қаржының үлесі 2-3 проценттен аспайды. Оларда сыйайлас жемқорлықтың да деңгейі төмен. Себебі, шетелдіктер мейрамханаға барса да, қонақүйге түссе де, түбіртек талап етеді. Қазақстандықтар болса, тақсимен жүрсе де, көлігін жөндетсе де, түбіртек сұрамайды. Дүкенде де түбіртек талап ету әлі жаппай әдетке айнала қойған жоқ. Негізі «көлеңкедегі» қаржының көбеюіне халықтың өзі, әрбір азамат мүдделі болуы керек. Еуропалықтар дүкенде түбіртек бермесе, басқа да заңға қайшы әрекеттерді қолдана бермеуіне есепшотына сол 12 проценттің 2%-не тең қаржыны кері аударуды даяын тұрады. Бізде бұл ұсақтық саналар еді.

— Жақында зерттеу жүргізу барысында Қытайдың тәжірибесіне назар аудардым, — дейді М.Халық. — Супермаркеттер де әр тауарға қосымша күн салығы 12% деп көрсетіледі ғой. Сол чектің суретін түсіріп, тиісті орындарға жіберген азаматтардың есепшотына сол 12 проценттің 2%-не тең қаржы кері аударылады екен. Қазақстанда да осыған ұқсас тәжірибелерді енгізсек, онда әр азамат қосымша табыс табу үшін тауар алған сайын түбіртек талап етуді әдетке айналдырар еді. «Көлеңкедегі» ақшаның «жарыққа» шығуына бұл да әсер ететін сөзсіз. Негізі, осындай әдісті біздің банктер біртіндеп менгеріп жатыр. Қазір сауда жасағаны үшін түсетін бонустар — соның бір көрінісі.

Осыдан бірнеше жыл бұрын Алматы, Нұр-Сұлтан сияқты ірі қалалардағы қоғамдық көліктерде электронды жолақы билетін беру енгізіле бастады. Бұл жаңашылдық ел бірден қабылдай қойған жоқ, оны енгізу жұмыстарында да олқылықтар болғаны жасырын емес. Алайда, уақыт өте келе бұрын қала әкімдігінен субсидия алып отырған автопарктердің шынайы табысы жоғарылағаны белгілі болды. Жаңа жүйенің жолаушыларға тиімділігі байқалды. Сарапшылар осы тектес жаңа жүйелердің көбеюі «көлеңкелі нарықты» біртіндеп ығыстыратынын айтады. Бұл жүйе жуырда Қызылорда автобус паркінде енгізілетін болады.

Жолдауында атап көрсетілгендей, Қазақстанда 2025 жылға қарай «көлеңкелі экономиканың» үлесін ішкі жалпы өнімнің 20%-не тең көрсеткішке егерін төмендету көзделген. Деген 2019 жылы Қазақстанның ішкі жалпы өнімі шамамен 70 трлн теңге болады деп күтілсе, қанша қаржы айналымға шығатынын деп бағалау болады. Ният болса, бұл орындалатын жұмыс.

Қазір бізде сыртқы қарыздың көп екені айтылады. Егер біз айналымдағы «көлеңкелі экономиканың» үлесін азайтпай болсақ, бұл қарыз мемлекет бюджетіне салмақ түсіре қоймайды. Әлеуметтік мәселелерді де онтайлы шеше аламыз. Уақыт бізден бүгін осыны талап етеді.

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫҢ ЖОЛ ҚАРТАСЫ

Арал қаласында «Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы» бағдарламасы үлкен басымдықпен жүзеге асуда. Жалпы ұзындығы 22 шақырымнан асатын 33 көшенің 28-не асфальт жабындысы, қалған 5 көшеге қиыршық тас (ГПС) төселмек. Бұл жалаң сөз емес, нақты қолға алынған жұмыс. Бүгінде кезінде Арал қаласындағы Ф.Мұратбаев, М.Өтемісұлы, Т.Тоқтаров, Жылқаман батыр, Сартай батыр, Достық, Т.Нұржанов көшелерін асфальттау жұмыстары аяқталса, Т.Әубәкіров, Н.Балапанов, Ф.Мұстафин, Б.Тәңірбергенов, Р.Тұрымбетов көшелеріне толықтай қиыршық тас (ГПС) төселген. Қалай десек те, небары бір жылдың ішінде 33 көшенің жөндеуден өтіп, асфальттануы тұрғындар игілігінің айқын дәлелі емес пе!

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ, «Сыр бойы»

КӨШЕ КӨРКІ — ЖОЛ

— Жол мәселесі ауданда күн тәртібіне тұрақты қойылған. Жол сапасын жақсарту, жүргіншілердің деген жеріне қиындықсыз жетуі жеті назарға алынған, — дейді аудан әкімі Мұхтар Оразбаев.

Қаланың «Жанауыл» шағын ауданы, М.Өтемісұлы көшесінің тұрғыны Жаксыбай Жұқабай көшелерге асфальт төсеудің тұрғындар қатынасын жана деңгейге көтергенін айтып отыр.

«Өткен қиындық артта қалды, бастамашы азаматтарға, жол құрылысын жүргізіп жатқан мекеме жұмысшыларына тұрғындар атынан ризашылығымызды білдіреміз», — деді ол.

Бұл пікірді Сатаева Ранай есімді тұрғын да толықтырды. «Асфальт төселетін 28 көшенің ішінде бұл тұратын І.Жансүгіров көшесінің де бар екендігі тұрғындар үшін ерекше жаңалық болды. Қазір қиыршық тас төгіліп, тегістелді. Енді асфальтталады. Бұл тұрғындар үшін өте тиімді», — дейді ол.

Шын мәнінде, көшесіне көрік енген қала тұрғындарының көңілі сергек. Ал жолдардың құрылысына қатысты сапалық бақылау үлкен жауапкершілікке алынған.

Арал қаласы



СЫР ӨНІМІ елордалықтарды қуантты

Жәрмеңкеде әдеттегідей, Аралдың балығы мен Сырдың ақ күрішіне сұраныс өте жоғары болды. Су маржаны мен Сыр маржаны сатылып жатқан сәре маңы түс ауганша ұзын-сонар кезектен босаған жоқ. Қызылорданың тіл үйіер қауымы мен қарбызының да саудасы қызды. Таңдағанына қол жеткізген жұртшылықтың жүздерінен қуаныш сезімін байқамау мүмкін емес еді. Сонымен бірге, ет және сүт өнімдеріне де талғампаз нұрсұлтандықтардың сұранысы ерекше болды. Әсіресе бағасы 2000 теңгеден сатылған жылқы еті мен 1700-ден ұсынылған сиыр еті өтімді болды. Ал балықтың келісі 1000-1200-ден бағаланды.



Шара барысында елордалықтардың көңіл-күйін білу мақсатында бірқатар тұтынушыларды сөзге тартқан едік. Солардың бірі — қала тұрғыны Гүлдірғанш Қалқабасева. Байқоңыр қаласының тумасы 20 жылдан бері Нұр-Сұлтанға тұрады. Қызылорданың жәрмеңкесіне жылда келеді екен.

— Туған жерімнің жәрмеңкесінен қалмаймын. Сыр күрішіне тең келер ештеңе жоқ ғой, был да молынан алдым. Қауын-қарбыздан да қалағанынша алдым. Етті де ұмытқаным жоқ. Нұрсұлтандық болғанымызға жиырма жыл болса да, туған жерім — Қызылордама бүйрегім бұрып тұрады. Ауыл көшіп келгендей, жәрмеңке өтсе, бір жасап қаламын, — деді ол.

«Қауыпті індетке байланысты биыл жәрмеңке өтпейтін шығар деп ойлап жүр едім. Қызылорданың жәрмеңкесі өтеді дегенді естіп қуандым. Өте жақсы ұйымдастырылған. Аралдың балығы өте керемет. Қызылорданың күріші қандай?! Был да ертемнен келдім. Өзіме керек-жарағымды түгел алдым. Күннің өзі бүгін ерекше болып тұр, ашық, жылы, — деді қала тұрғыны Бауыржан Ибашов.

Жәрмеңкеде ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Дақыяқ Бекмағұловты да бақыттықтарды. Арнайы келіпті.

— Елорда төрінде өтіп жатқан жәрмеңкеден еңбеккерлеріміздің маңдай тер, ет-

кен еңбегінің жемісін көріп отырмыз. Арнайы келіп, көріп шықтық. Тауар тұтынушыларға қолжетімді бағала сатылып жатыр. Сыр салысынан бастап, дәмі тіл үйіер қауын-қарбызы қандай?! Сыр байлығымен бірге халқымен қауышып жатырмыз. Осындай өнімдерді елордалықтарға ұсынған дикандарға, азаматтарға алғыс айтамын, — деді ол.

Жәрмеңкеге облыстың әр ауданы, әр шаруашылығы тыңғылықты дайындықпен келгені аңғарылады. Мәселен, бір ғана Әділбек Айымбетов жетекшілік ететін «Арал балық дайындау» зауыты 3 тоннадан аса балық және балық өнімдерін ала келген. Жәрмеңкеде Қазалы кәмпітіне де сұраныс жоғары болды. Өзін кәмпіт зауытының елордадағы дистрибуторі деп таныстырған Серік Токмамбетов жәрмеңкеге 2 тоннадан астам кәмпіт әкелгенін, Қазалы кәмпіті мұндағы тұрғындарға жақсы таныс екенін және сауда сәтті болғанын айтты. Ал шиелілік омарташы Қасым Сайрамбаев жәрмеңкеге бір тоннадан астам бал жеткізген. Омарташы жантақ, жонышқа балының келісін 1500-2000 теңгеден ұсынды.

Биыл аймақтың аграрлық саласы айтарлықтай жетістікке

иек артып отыр. Егіс көлемі 184,2 мың гектарды құраған. Дәнді дақылдар 99,9 мың, майлы дақылдар 5,7 мың, малазықтық дақылдар 61 мың, картоп, көкөніс, бақша 17,6 мың гектарды құраса, негізгі дақыл — күріштің көлемі 89,5 мың гектарға жеткен. Өңірде күріш орысу кезі жүргізіліп, әр гектарынан орташа 49,3 центнерден атынан ризашылығымызды білдіреміз», — деді ол.

Жалпы егіс көлемі 2014 жылмен салыстырғанда 25 мың гектарға артса, әртараптандыру бағытында кейінгі алты жылда малазықтық дақылдар 8 мың гектарға, майлы дақылдар 6,9 мың, ал күріштен басқа дәнді дақылдар көлемі 3,7 мың гектарға ұлғайған. Сонымен қатар, облыста картоп, бақша және ет, сүт өндіруде ілгерілеу бар.

Сыр елінің ауыл шаруашылығы өнімдері қазір 17 мемлекетке экспортталуда. Экспортталған өнімнің 92,4 проценті күрішке тиесілі. Ол Ресей, Қырғызстан, Беларусь, Әзербайжан, Монғолия, Тәжікстан, Украина, Түркіменстан және Ирак мемлекеттеріне шығарылуда.

Екі күнге созылған жәрмеңке елорда жұртшылығын осылайша бір қуантып тастады.

Қызылорда-Нұр-Сұлтан Қызылорда

1-бет

Еңбек ақталар сәт жақын

Шаруашылық басшысы мемлекет тарапынан жасалып жатқан мүмкіндікті тиімді пайдаланып отыр. Техникаға берілген жеңілдікті немендіп, олардың санын арттырды. Жақында заманауи тракторды соқпасамен алса, тағы екі жаңа трактор жеткізілді. Әрбір трактордың бағасы — 8 млн теңге. Бұл техникалар «ҚазАгрокаржы» АҚ арқылы алынды. Материалдық-техникалық базасы жақсарған шаруашылық егінді орып, қамбаға бастыруда. Дикандар егін оруга қажетті жанар-жағармайды 165 теңгеден алды. Бұл да — шаруаларға жасалған қолдаудың бірі.

Сонғы кезде жастар агросалаға ерекше көңіл бөледі. Шаруашылықта жас күршішілермен қатар механизаторлар еңбек етеді. Мұны шаруашылық басшысы да растады. Ол, жастардың ауыл

шаруашылығына деген қызығушылығы көңіл қуантатынын жеткізді.

Дән далада қалмайды

«Қызылдиқан» шаруа қожалығы да биыл 880 гектар жерге күріш етті. Бұдан бөлек, 400 гектар жерге жонышқа себілсе, 5 гектарға бақша дақылдары орналастырылды. Қазір шаруашылық күзгі терімді бастады. Өнім мол, бітік шықты. Бүгінде күріштің басым бөлігі орылып, қамбаға бастырылды. Күріштің әр гектарынан 70-75 центнерден өнім алынууда. Дикандар жаздай алқалған босамады. Иықтарынан кетпені түспеді. Есесіне, қамба астыққа толды.

Ерте көктемнен басталған шаруаның тынымсыз еңбегі аз уақыттан кейін ақталары анық. Бұған олар еш күмән келтірмейді. «Қызылдиқан» шаруа

қожалығы 2008 жылы құрылды. Қазір мекемеде 100-ге жуық адам еңбек етеді. 4 өндіріс бригадасы жұмылдырылған. Шаруашылық басшысы Алданберген Құлбаев егінің бітік шыққанына қарап, дикандардың еңбегі еселеніп қайтады деп отыр. Сонымен қатар еңгіме барысында шаруашылыққа қажетті техника жеткілікті екенін жеткізді. Соңғы бес жылда шет елдерден комбайн, трактор әкелінген. Олар заман талабына сай жасакталған. Жергілікті мамандар да шетелдік техниканың тілін тауып, тез менгеріп алыпты. Сонымен қатар күріш таситын 6 көлік бар.

Жалы, облыста күрішке 22 тамызда орақ салынаын еді. Бүгінгі күні 42815 гектар орылып, оның 32730 гектары бастырылды. Әр гектардан орташа есеппен 52,2 центнерден келуде. Осы орайда, мамандардың пайымдауына, биыл жиналатын өнім бытырғыдан кем болмайды. Егін жинау жұмыстары 15 қазанда аяқталады деп жоспарлануда.

1-бет



ӨШПЕС ЕРЛІК

Егемен еліміз Қазақстан Республикасының тұрақтылығы мен тыныштығы негіздерінің бірі – Қазақстан полициясының құрылғанына биыл 28 жыл толды. Полиция қызметкерлері – ел тірегі, халқының қорғаушысы, қолдаушысы, қамқоршысы. Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін жариялағаннан кейін Елбасы 1992 жылдың 23 маусымында «Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдары туралы» Заңына қол қойды.

Аталған заңға сәйкес «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары адамның және азаматтың өмірін, денсаулығын, құқықтары мен бостандықтарын, қоғамның және мемлекеттің мүдделерін құқыққа қарсы қолданылуынан қорғауға, қоғамдық тәртіпті сақтауға және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған құқық қорғау органы болды.

Осы жиырма жеті жылда қанша полицией, Ұлттық Ұлан (ішкі әскер) жауынгерлері мемлекеттік құрылысты, азаматтарды қылмыстық әрекеттерден қорғаймын деп өз өмірін қиды. Қанша ата-ана боздағанын, қанша жар, сәби асыраушысынан, отбасы тірегінен айырылды?! Мұндай отбасылар еліміздің әр түкпірінде бар.

2016 жылы Сырдария ауданы О.Мәлібаев ауылындағы №131 қазақ орта мектебіне республикалық ономастикалық комиссия шешімімен полиция лейтенанты Талғат Есентайұлы Қозыбаевтың аты берілді. Бұрын 2007 жылы мектеп алдында Талғатқа ескерткіш орнатылған болатын. Ескерткіш авторы – елімізге белгілі мүсінші, «Мәдениет қайраткері» Жәркен Исмағұлов.

Небәрі жиырма бес жасында өшпес ерлік көрсетіп, өз өмірін қиып, ел азаматын қорғап қалған, қаһарман, II дәрежелі «Айбын» орденінің иегері, полиция лейтенанты Талғат Қозыбаев кім еді?

Ерлік ешқашан ұмытылмайды

Ерлік, батырлық, қаһармандық – бұл бір-біріне жақын егіз ұғымдар. Қазіргі бейбіт күндері ерлік еңбек, спорт салаларында жасалады, ал жауынгерлік ерлік соғыста немесе бейбіт күні жасалады. Жалпы ерлік қорғаушы – көкірегінде намысы бар ерлік адамға, азаматқа тән және оның жасына, қызметіне, жынысына қарамайтын қасиетті ұғым. Кез келген адамның қолынан келе бермейді. Қазақтың мыңдаған жылғы тарихын сараласақ, ата-бабаларымыздың жан-жақтан аңғарылған жауларға қарсы қасиетті жерді, елді қорғауды істеген ерліктері ұшан-теңіз. Адамзат тарихындағы миллиондаған адам құрбан болған Ұлы Отан соғысы мен одан кейінгі ел қазақстандықтар арасынан мыңдаған адам құрбан болған Ауған соғысы мен Тәжік-Ауған шекарасында болған қантөгістерді алайықшы. ҚР Ішкі істер министрлігінің, ішкі әскерлерінің «Қазбт» құрамынан 17 (отыз үш әртүрлі дәрежедегі дене жаракатын алған) қазақстандық азамат қаза болған. Терроризм кезінде ерлік жасап, елін, халқын қорғап қалған Ф.Байтасов сияқты полиция, әскери қызметкерлердің ерлігі ұмытылмайды және отандастардың мәңгілік есінде қалады.

Мемлекетіміздің ұстанған саликалы саясаты және қазақ халқының бейбітшілігінің, қанына біткен қонақжайлығы, жер қозғалмаса қозғалмайтындығы, салимақтылығы, басқа да қасиеттері арқасында елімізде басқа мемлекеттердегідей соғыс, ұлтаралық қақтығыстар жоқ. Осының арқасында қазақстандықтар бейбіт өмір сүреді.

Бірақ, осы бейбіт күнде әсіресе топтақсан, дүние-экстремистік қарулы қылмыскерлер тарапынан ел азаматтарының өмірін қауіп төну жиілеп кетті. Бұл тұрғыда ел қауіпсіздігі, азаматтардың құқықтары мен тыныштығын адал қорғап, күзетіп жүрген әскери, полиция, арнаулы ояртқар, төтенше жағдайлар бөлімдері қызметкерлерінің ерлігі көпшіліктің көзінде көріне бермейді. Олар ат пен қызметтік парызын аяғына дейін орындап, Ата Заңын қорғау жолында соңғы демі қалғанына күреспей, өміс ерліктің үлгісін көрсетуде.

Қазіргі бейбіт заманда Та-

уелсіздік алғалы қылмыспен күрес, қоғамдық құқықтық тәртіпті қорғау жолында, қызметтік міндеттерін орындауда тек полиция қызметкерлерінің мыңдаған көпшілігі қарулы қылмыскерді ұстау кезінде қаза болған. Қарулы қылмыскерлерді ұстау барысында шамамен алыстан астам полиция әртүрлі дене жаракатын алған. Полиция қызметкерлерінен басқа қанша әскерилер, оның ішінде Ұлттық Ұлан сарқылдары қылмыспен күрес, қоғамдық құқықтық тәртіпті қорғау жолында қызметтік міндеттерін орындауда қаза болғандар саны әлі де азаяр емес. Бұған қызметте жүріп абайсызда, жол-көлік оқиғасы, бақытсыздық, белгісіз жағдайлар салдарынан немесе қызмет барысында пайда болған аурулар салдарынан қайтыс болғандарды қоссаңыз, онда олардың қатары едәуір көп болатыны сөзсіз. Соңғы жылдары елімізде қырықтан аса бейбіт азамат қарулы қылмыскерлер құрбанына айналған.

Отанмыз олардың ерлігін жоғары бағалап, көпшілігін мемлекеттік наградалармен марапаттады. Есімдері олар қызмет еткен құрылымдар жеке құрамының тізіміне алтын әріппен жазылды. Полиция ғимараттары мен аулаларында ескерткіштер мен тақталар орнатылды. Есімдері саябақ, шағын бақтарға берілді. Еске алу аллеялары бар және монументтердегі мәрмәр тасқа есімдері қашап жазылды. Даңқты ұлдар, аяулы ерлер есімін халық, келешек ұрпақ есте сақтап қалу үшін қаншама шаралар атқарылғанмен, олар арамызға қайтып келмейді.

Қыршын кеткен қаһарман

Өз өмірін небәрі 25 жасында құрбандыққа шалу арқылы өшпес ерлік көрсетіп, қарулы қылмыскердің қолынан ел азаматын құтқарып қалып бейбіт күннің бағыры атынан сондай азаматтардың бірі – Шиели аудандық ішкі істер бөлімінің бұрынғы уәкелік полиция лейтенанты Талғат Есентайұлы Қозыбаев. Ол ерлігі үшін Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Назарбаевтың Жарлығымен II дәрежелі жауынгерлік «Айбын» орденімен марапатталды.

Кенес жүзесінің жастар арасындағы патриоттық тәрбиесі өте күшті, жоғары деңгейде болды. Қазір жастарды бірінші кезекте әр нәрсенің материалдық жағы қызықтыратын сияқты. Өйткені, қазақстандық патриотизм өз деңгейінде дами қойған жоқ, әлі даму үстінде. Сондықтан да жастарымызға отансүйіштік, патриотизм сияқты құндылықтар жетпей жатыр. Менің ойымша әрбір сақшы, жауынгер, қызметкер бейбіт күнде азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын құқыққа қарсы әрекеттерден қорғау үшін өз өмірін қиып, ерлік жасауға дайын болу керек.

Саналы ғұмырын халықтың руханиятын көтеруге жұмсап, мешіт салдырып, бала оқытқан Бекасыл баба (1822-1915 ж.ж.)

...Тектің текті туалды, Тектілі тұқым қуалды. Тектілерді тұяғы, Тандайды күз-қияны. Шын тектілер халқы үшін, Өлімге басын қияды... деген екен...

Талғатты кішкентай кезінен білетінмін. Көз алдыма өсті. Өке-шешесінің еркелетіп өсіргеніне қарамастан өте еңбекқор, пысық, өз ісіне мығым, тіл-алғыш, тәртіпті, оқу үлгірім өте жақсы, зерек бала еді. Орта мектепті жақсы аяқтаған соң өз күшімен Букетов атындағы мемлекеттік университетке оқуға түскенде қасында анасы Шынармен бірге болдым. Жақсы бабаға тапсырған әр емтиханы

үшін бірге қуандық. Жеңейдін көзіне жас алғаны әлі есімде. Конкурстан ойдағдай өткеніне Талғаттың кішкентай балаша қуанған қалпы әлі есімде. Оқуын жақсы аяқтап шықты. Ол студент кезінде мен де Қарағандыда сырттай оқитынмын. Қанат Бөдеев екеуі егіз қозыдай мен орналасқан пәтерге, қонақ үйлерге келіп тұратын. Бірге отырып шай ішіп, ұзақ әңгімелесіп, елдегі жаңалықтармен бөлісіп, тарастаныпбыз. Талғат маған оқып жатқан пәндері бойынша көп сұрақтар қоятын. Әсіресе заң ғылымындағы оның ішіндегі қылмыстық, қылмыстық процессуалдық, әкімшілік құқық бұзушылық кодекстері бойынша кездесетін көптеген мәселелер бойынша практикада қалай қолданылатынын, қалай құқық қолданылатынын сұрайтын. Мен оған болашақ мамандығында қызмет істеу кезінде өте қажет болатын мәселелерді жетік білетініне риза болып ерінбей, шын көңілмен кең көлемде жауап беретінмін. Зеректігіне, сауаттылығына, есте сақтау қабілетіне, сабақтарға қатты көңіл бөлетініне таңғаламын. Сұрақты ойланпай қойып, қойылған сұраққа ойланпай жауап беретін. Білімділігімен ерекшеленетін және болашағынан үлкен үміт күтіретін.

Талаптарға сай келген Талғат


Оқуын аяқтағасын отбасы жағдайына байланысты әскер қатарындағы борышын атқарудан босатыла да, полицияға қызметке түру үшін өз еркімен сұранып, Қарулы Күштер қатарында болды. Қиын әрі қауіпті полиция қызметіне түрді. Оған сауатты, білікті маман ретінде көрсеткісін Шиели аудандық ішкі істер бөлімінің жауапты әрі қауіпті аумақ болып есептелетін Тартағай ауылына уәкелік полиция инспекторы лауазымына жіберілді. Ол жерде бұрын мәсқүнемдерді еріксіз емдеу еңбек колониясы, кейін қоныс колониясы орналасқан болатын. Бостандыққа шыққандардың көпшілігі сол жерде тұрақтап қалатын. Құқық бұзушылық жиі тіркелетін және уәкелік полиция инспекторы тұрақтамайтын. Осыған байланысты ол жерге сырттан келген жүректі, тайсалмайтын, тәртіп бұзушыларға қатаң талап қоя білетін, таза, заң бұзушылыққа қол бермейтін әрі физикалық тұрғыда спорттық дайындығы бар, бұзақылардың алдында тайсалмайтын білекті, жүректі қызметкер керек болатын. Осы талаптарға жауап беретін қызметкерді табу оңай болмағаны белгілі. Полиция лейтенанты Талғат Қозыбаев дәл осындай қызметкер болатын.

Оған бері бірнеше жыл өтсе де Талғаттың қалай қаза болғаны көз алдыма. Оқиға болған түні үйге демалып жатқанымда таңғы сағат 4-те мен ішкі істер басқармасының жедел кезекшісінің қайта-қайта шырылдаған телефон дауысы оятып жайсыз хабарды естіртті. Мен ол кезде облыстық ішкі істер басқармасы бастығының көмекшісі лауазымын атқаратынмын. Талғат менің Есентай нағашымның жалғыз ұлы еді. Ол кезде тіркелмеген қарумен жасалатын қылмыстар жиі орын алатын. Ал полиция қызметкерлеріне табылдық қару беріле бермейтін. Қазір халықтың қолындағы тіркелмеген қарулардың көпшілігі бірнеше жарияланған науқан кезінде жиналды. Кейіннен Үкімет қаулысымен арнайы қаржы қаралып, тұрғындардан сатып алынды. Қазір, басқа қызметкерлермен қатар уәкелік полиция инспекторлары да тапанша, кей кезде автомат та беріледі. Арнайы ғимараттар да қарумен қузеліледі. Қылмыскерлерді ұстауға арнайы дұлыға, оққағар, қалқан, резенке таяқ, автоматпен мұздай қарулардан арнайы жасақ пайдаланылады.

Хұсайын ҚОРАЗБАЕВ, Қазақстан Заңгерлер және Журналистер Одағының мүшесі, Қызылорда облыстық полиция департаментінің бөлім басысы, полиция полковнигі.

(Басы. Жалаасы бар)

COVID-19



Апталық көрсеткіш өсті

Әлемде соңғы бір аптада коронавирус жұқтырғандар саны 2 млн 100 мың адамға өсіп, дертке шалдыққандар қарасы 30 млн-нан асты. Осылайша көктемнің соңынан бері апталық көрсеткіштің алғаш рет көбеюі тіркеліп отыр. Индеттің таралуы, ең алдымен, Үндістан, Аргентина, Израиль, Франция, Чехия және Украинада күшейген.

Үндістаннан басқа елдердің бәрі санитарлық шараларды қатаңдатып жатыр. Израиль алғаш болып карантинді қайта енгізді. Ал дерттен қайтыс болғандар саны бойынша АҚШ, Бразилия, Үндістан көш бастап тұр. Құрама штаттарда коронавирус-тан көз жұмғандар саны 200 мыңға тақаса, Бразилияда жұқпалы кеселден 135 мыңға жуық адам қайтыс болған. Үндістанда 84 мың науқас тіркелген. Ал әлемде COVID-19-дан емделіп жатқандардың саны 8 млн-ға жуықтайды. 20 млн-нан астам адам жазылып шықты.

Англияның бас санитарлық дәрігері Кри Уиттидің дүйсеңбі күні «Ұлыбританиядағы қазіргі үрдіс – теріс бағытта бара жатқандығымыздың айғағы. Бұл біздің пандемияның шарықтау шегіне жеткендігімізді көрсетеді» деді.

Біріккен Корольдіктің премьер-министрі Борис Джонсон сейсенбіде ұлтқа арнап теледүзеу жолдауы мүмкін. Онда премьер-министр коронавируспен байланысты енгізілген сақтық ережелерін қатаң ұстануды соңғы рет ескертпек. Олай болмаған жағдайда жалпыұлттық карантин енгізілетін болады.

Ескерткіш орнатылды

Бразилияның Рио де Жанейро қаласында COVID-19 құрбандарының құрметіне ескерткіш орнатылды.

Қара тас қауіпті дерт құрбандары жерленген зиратқа орнатылды. Салмағы 300 тонна, ал биіктігі 40 метр болатын мемориал – бразилиялық сәулетші Крис Сантосомның туындысы. Жер-жаһанды жайлаған индеттен қаза болған 950 мыңнан астам адамның 140 мыңы – бразилиялықтар. Жалпы Бразилия – Латын Америкасындағы коронавируспен пандемиясынан қатты зардап шеккен ел.

Билл Гейтстің болжамы

«Коронавирус пандемиясы екі жыл ішінде аяқталады. Microsoft компаниясының негізін қалаушысы Билл Гейтс Fox News телеарнасына берген сұхбатында осылай деп пікір білдірді. «Меніңше, эпидемия шамамен 2022 жылы аяқталады» деді Гейтс. Бірақ ол үшін 2021 жылы инфекцияның таралуын тежейтін оңтайлы әдістер табылуы тиіс.

Миллиардер штаттар өзге елдерге көмектесе, АҚШ келесі жылдың басында-ақ қалыпты өмірге орала бастайды деген ойда. «Мұның бәрі өмір бойы созылмайды ғой» дегенді қосты бизнесмен. Сондай-ақ ол коронавируспен қарсы жасалып жатқан вакциналардың барлығы бірдей қауіпсіз болмайтындығын да айтады. Бұған уақыт тығыздығы себеп. Гейтстің сөзіне қарағанда, саясаткерлер тарапынан да препараттарды құрастырушыларға көрсетіліп жатқан қысым жоғары.

Елдегі жағдай

«Қазақстанда коронавирустық инфекциядан 3 684 адам ем қабылдап жатыр» делінген ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Telegram арнасында. Министрлік тараптан ақпараттарға қарағанда, емделіп жатқандардың арасында 39 сәби бар. Стационарларда 2 003 науқас жатыр, 1 681 адам амбулаториялық жағдайда емделуде.

«Жалпы науқастардың арасында 102 адамның жағдайы нашар. Соның ішінде 13 науқастың жағдайы ауыр деп бағаланып отыр. 16 науқас жасанды тыныс алу аппаратында жатыр» делінген хабарламада. Ал өткен тәулікте 45 адамнан ПТР арқылы коронавирус анықталды. Жалпы ел бойынша ауырғандар саны – 107307.

«Елімізде коронавирус инфекциясын қайта жұқтыру тіркелмеді. Бұл жана инфекция болғандықтан, оның қайтадан жұғуы мүмкіндігі туралы нақты айта алмаймыз. Өкінішке қарай, бұл сұраққа ешбір елде нақты жауап берілмей отыр. Осы орайда коронавируспен ауырған адам зуап бақылауда болған кезде ғана анықталуы ықтимал» дейді мамандар.

ЕРІКТІЛЕР ЖЫЛЫ

Жалағаштық жастар шағын грант иеленді

Биыл «Еріктілер жылы» аясында Жалағаш ауданының ерікті жастары түрлі бағыттағы 10 жобаның жеңімпазы атанды. Жоба құны – 3 млн 600 мың теңге.

Атап айтқанда, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі және «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ қолдауымен «Қызылорда облысының ауылдық ҮЕҰ-ның және бастамашыл топтардың әлеуетін көтеруге арналған 3 грант, «Bigemiz Sabaqastyq» жалпыұлттық жобасы аясында 2 шағын грант, «Bigemiz: UmIt» волонтерлік бағыты бойынша 4 шағын грант және «Bigemiz: Saulyq» волонтерлік бағыты бойынша 1 шағын грант иеленді. Жобаның барлығы тұрғындардың әлеуметтік жағдайын жақсарту, бұқаралық спортпен айналысу, жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру және психологиялық-педагогикалық, сондай-ақ, медициналық көмек көрсету мақсатында жүзеге асырылуда.

«СБ» ақпарат

Төтенше жағдайға байланысты облыстың Бас мемлекеттік санитар дәрігерінің «Облыс тұрғындары арасында қауіпсіздік шараларын күшейту туралы» қаулысында азаматтардың негізгі үйінен шықпау, жергілікті орган бекіткен тізбеге сай жұмысқа бару, коронавирус инфекциясына қарсы ареске жұмылдырылған қызметтерді қоспағанда, меншік түріне қарамастан, барлық нысандағы ұйымдардың жұмысын қашықтан қызмет көрсету форматына барынша ауыстыру тапсырылған болатын.

Пандемия жағдайындағы жұмыс уақыты

Мемлекеттік еңбек инспекциясы карантинге байланысты еңбек қатынастарын реттеуде туындаған сұрақтар көп болғандықтан, төмендегіні түсіндіреді.

Қашықтан орындалатын жұмысқа көшкен жағдайда жұмыс істеу тәртібі бойынша ҚР Еңбек кодексінің 138-бабына сәйкес анықталады. Жалақы толық көлемде төлене отырып, жұмыс уақыты жұмыс берушінің әкісімен реттеледі. Бұл ретте, Еңбек кодексі жұмыс берушінің қашықтан жұмыс атқару үшін жағдай жасауды міндеттейді. Кодекстің 138-бабы 1-тармағына сәйкес, қашықтан жұмыс істеу жұмыс процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, еңбек процесін жұмыс беруші орналасқан жерден тысқары орында жүзеге асырудың ерекше нысаны болып табылады. Осы баптың 2-тармағына сәйкес, жұмыс беруші жұмыскерге коммуникация құралдарын (байланыс құралдарын) береді және оларды орнату мен оларға қызмет көрсету жөніндегі шығындарды көтереді. Жұмыскер меншікті коммуникация құралдарын тұрақты негізде пайдаланған жағдайда, жұмыс беруші өтемақы төлейді, оның мөлшері мен төлеу тәртібі келісім бойынша белгіленеді.

Тараптардың келісімі бойынша қашықтан жұмыс істейтін қызметкерге тапсырманы орындауға кеткен өзге де шығындар (электр энергиясының, судың құны, т.б.) өтелеуі мүмкін.

Егер, қашықтан жұмыс істейтін адам өзінің меншікті коммуникация құралдарын тұрақты негізде пайдаланған жағдайда, жұмыс беруші оған өтемақы төлейді және тараптардың келісімі бойынша өзге де шығындар төлеуі ықтимал. Кодекстің 157-бабы 2-тармағы 17) тармақшасына сәйкес, ұжымдық шартқа жәрдемақылар мен өтемақы төлемдері, оның ішінде еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалар кезіндегі төлемдерді төлеу туралы міндеттемелер енгізілуі мүмкін.

Сондықтан, қашықтан жұмыс істеген жағдайда, жұмыскерлерге өтелетін шығындар түрі, оларды өтеу мөлшері мен төлеу тәртібі тараптардың келісімі бойынша айқындалуға жатады және бұл міндеттемелер еңбек, ұжымдық шарттарға енгізілуі тиіс.

Кодекстің 46-бабы 1-тармағына сәйкес, өндірісті ұйымдастырудағы өзгерістерге орай, жұмыскер өз мамандығына немесе кәсібін, тиісті біліктілігіне сәйкес жұмысын жалғастыра алмай кезде, еңбек жағдайларын өзгертуге жол беріледі. Еңбек шартын жасасқан кезде, сондай-ақ еңбек қатынастары процесінде жұмыскер мен жұмыс беруші арасында жазбаша келісім бойынша толық емес жұмыс уақыты белгіленуі мүмкін.

Толық емес жұмыс уақыты – Кодекстің 68-бабында белгіленген қалыпты жұмыс уақытының ұзақтығынан аз, яғни аптасына 40 сағаттан кем уақыт. Толық емес жұмыс уақытының түрлері:

1) Күнделікті жұмыс (жұмыс ауысымы) ұзақтығының нормасын азайту; жұмыскер өзінің еңбек міндеттерін апта ішінде орындайды, бұл ретте оның жұмыс күні (жұмыс ауысымы) белгіленген ұзақтықтан аз болады;

2) Толық емес жұмыс аптасы, яғни жұмыс күндерінің санын қысқарту; қызметкер өзінің еңбек міндеттерін жұмыс күні (жұмыс ауысымы) ішінде орындайды, бұл ретте ол аптасына бірнеше рет қана жұмыс істейді;

3) Күнделікті жұмыс (жұмыс ауысымы) ұзақтығының нормасын бір мезгілде азайту және жұмыс күнінің санын қысқарту; жұмыс күні ғана емес (жұмыс ауысымы), сонымен бірге бір аптадағы жұмыс күндерінің (жұмыс ауысымының) саны да азайтылады.

Толық емес жұмыс уақыты еңбек шартын жасасқанда жаңадан келген жұмыскерге, сол сияқты ұйымға бұрыннан қабылданған жұмыскерге де, яғни, еңбек шартын қолдану кезеңінде белгіленеді.

Кодекстің 103-бабы 1-тармағына сәйкес, жалақы жұмыскерге уақыттың есепке алу бойынша құжаттарда есепке алынған нақты уақыт үшін төленеді.

Еңбек заңнамасында жұмыс уақытының қалыпты ұзақтығынан (аптасына 40 сағаттан) азайтып белгілеп, айлық еңбегінің мөлшерін жұмыс уақытының қалыпты ұзақтығы үшін төленетіндей толық мөлшерде белгілеу мүмкіндігі көзделген.

Сондықтан, пандемия жағдайында еңбек қатынастарын реттеуде жұмыс берушілер Кодекстің нормаларын басымылыққа алуы керек.

Облыстық еңбек саласындағы бақылау басқармасы

«СБ» ақпарат

Хабарландыру

«Kaz Petrol Group» ЖШС «Хайрельды кен орнын игеру жобасына қоршаған ортаға әсерді алдын ала бағалау. Қызылорда облысы, Сырдария ауданы жобасына әлеуметтік тыңдау өткізілетінін хабарлайды.

Әлеуметтік пікірдің есептік түрі жазбаша ұсыныстарды және әлеуметтік ескертулерді жінуу тәсілімен анықтап әлеуметтік БАҚ арқылы хабарлайды.

Әлеуметтік тыңдауды ұйымдастыруға жауапты тұлғаның байланыс деректері және жергілікті атқарушы органның атауы: «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі. Тел.: +7 (7242) 60-53-69.

Ескертулерді және ұсыныстарды қабылдайтын жергілікті атқарушы органның электрондық поштасы: prd@korda.gov.kz

Жоба бойынша құжаттама орналастырылған жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында мекенжайы: tabigat-e-kuzylorda.gov.kz

Мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу жөніндегі мемлекеттік органның атауы: «Қазақстан Республикасы экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Қызылорда облысы бойынша Экология департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесіне төменде көрсетілген жобаны жібергенін хабарлайды.

«Хайрельды кен орнын игеру жобасына «Алдын ала қоршаған ортаның әсерін бағалау» жобасы.

«Қызылорда облысы бойынша Экология департаменті» РММ-нің мекен-жайы: Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Желтоқсан көшесі, 124. Байланыс тел.: 8(7242) 230244, 230207, факс: 230680. e-mail: kyzylorda-ecodep@ecodep.gov.kz



ӨНЕГЕ ӨРІСІ

«БАЛАҢ КӨП БОЛСА, БАУЫРМАЛ БОЛАДЫ»

(Қаз-қалтында)

Жаңақорғандамыз. Кент ішін шарлап жүріп, несібесін адалынан терген ғажап отбасыға жолықтық. Үй егесі Асылбек 25 жыл жүргізуші болған жергілікті жердің байырғы тұрғыны. Өзі ауылда жоқ болып шықты. Ал отанасы күнделікті тіршілікпен есік алдында жүр. Бізбен сөйлескен сол ғана.

Ержан ҚОЖАС, «Сыр бойы»



— Қазақ баланы санамайды. Санын да айтпаған, — дедім амандық сұрасқаннан соң. — Көпбалалы ана екеніңізді естіп, әдейі бұрылдым. Маған қызғы, балаларыңдызды аты болып тұр. Есім қоюда естілік танытқан сіздердің әулет жайлы сырттай естугім бар еді.

— Айттайын, Құдай берген, көз алдымызда тәрбиеленген жеті қыз, алты ұл бар. Көптік етпесін, Аллаһ, — деп ашыла сөз бастады Күләш ана. Іштей «он үш баланы дүниеге әкелген қазақ әйелін сонғы рет қашан естіп едім» деп ойлап үлгергенше болмады, аласа бойлы, шағын денелі жаңақорғандық анамыз балаларының атын санамалай жөнелді.

— Үлкенім — Ақнұр, сосын Гүлнұр, Нұрғұл, Нұрмахан, Нұрсұлтан, Нұрлан, Нұрболат, Үйым, — деп ернін тастеп сөз ойланды да, қайта жалғастырды. — Нұржамал, Нұрсұлду, Нұржігіт, Нұрғали, Балнұр, Нұрдана.

— Барлығы «нұр» екен, — дедім мен. Тіпті, бұрыннан біліп тұрсам да, Күләш ана ұл мен қызды санамалағанда таңданысымды жасыра алмағанмын. — Қайындарымын үй шарлары да осындай ғой, — деді ол бұл азық етсе, тағы да бар дегендей көзқараспен.

— Рас па? — Осы үйдегі ағаңнан кейінгі екі ұлдың балаларының аты-

на «нұр» сөзі басы не аяғында тіркескен, — деді аңқылдай күліп.

— Аттарын айтыңызшы...

— Қасымбектің балалары Айнұр, Нұрлыбек, Нұрман, одан кейін кім еді?! Осы жолы балалар есімінен шата-ла бастаған Күләш анаға кіші қызы көмектесті.

— Мама, Нұрәулет, со-сын Нұрберген, — деп демеп жіберген сол еді, анамыз әрі қарай іле кетті. — Ә, иә, одан соң Нұртер, Нұрайлым, Нұрбибі. Бұл ортан-шы қайыныңыз сөзіз баласы. Кіші қайымы Аскардан Нұржан, Нұрмұхаммед, Нұрлыбай, Нұрнұсра.

— 25 «нұр» екен, — дедім мен іштей есептеп болған соң тапқырлық танытқандай.

— Енемнің қойғаны көбісі. Біз негізі үш келін бір шаңырақ астында 30 жыл тұрғанбыз. Екінші ұл Қасымбектің келінінегі Үлжауһар келінмен бір күнде келін болып түстік. Шынашақтай кемпір үш келінді 30 жыл қазақи дәстүрмен тәрбиелеген. Сол енемнің айтқаны ғой. Мына балалардың атын «нұр» сөзінен басқаға ауыстырғымыз келеді ғой. Енем марқұм «мен ертен өлем, сол кезде «Лаура-Паура», «Айда-Сайданды» қойып аларсыңдар» деп бір-ақ рет кесіп айтты. Сол «нұрдан» алыстамадық, сол нұрға шомылған бақытты әулеттің, мың шүкір.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

ОТБАСЫНЫҢ ТІРЕГІ – ӨЗАРА ТАТУЛЫҚ

Жергілікті жердің атқаміндерлері көмектесіп тұратын шығар...

— Шырағым-ай, қол жайып баруға жоқпын. Әр бала өз несібесімен туады. Енем 1996 жылы қайтты. Содан кейін де бір шаңырақта үш келін ауызбіршілікпен тұра бердік. 25 бала кешегі күнге дейін, дұрысы 2010 жылға дейін бір дастархан басында тамақ ішіп, бірінің киімін бірі киіп, тату өсті ғой, қарағым. Сенсең айттайын, түске дейін оқитын ұлдың аяқ киімін оған тетелес інісі есік бұрышында күтіп тұратын. Өйткені, түстен кейін сабаққа баруға ағасының аяқ киімі керек. Сол кезде бөріне бірдей киім қайда?! Қазір не керек, бәрі бар. Еңбек ет, ақша тап, дүкенде толып тұр. Менің бір немеремнің өзінде жеті аяқ киім бар екен бүгінде. Шүкір ғой. Қазір бөлек шықтық. Бірақ кара шаңыраққа ұдайы жиналып тұрамыз.

Расымен, құрметті оқырман, отбасы бірлігін бекемдеген әулеттің көпбалалы болғанымен қоймай, қазақы есімді берік ұстануында да үлкен мән бар. Соңғы жылдары тым мән қаныңқыраған есімдерді естіп жүрміз. Мағынасын да ашып айта алмаймыз. Есім таңдауда өзгелерге еліктеу басым ғой бізде. Мойындау керек.

Айтпақшы, пайғамбар жа-сынан асқан отағасы Асыл-бек Исаев ұлдарын еңбекке тәрбиелеп, ұсталықтың қыр-сырын үйреткен. Содан бо-лар, кара еңбектің арқасында бұл отбасының дастарханы адал. Асекең зейнетте болса да, бала күнінен дағды болып қалыптасқан, әртүрлі кептер түрін ұшырып, асылтұқымды қазақы иттің бабын жасауға әуес. Ал балалар тәрбиесінде қалғымай, әйелдің бейнесін бізден алыстаптанған Жүнесова Күләш апаның тілегі біреу-ақ.

— Көрген жерде, ағайын ара-сында, той-домалақта бір-ақ сөз айтамын. Менің жолымды берсін. Кейбір келіндер мұрнын тыржитады. Іштей жақтырма-сы. Мен айта берем сонда да. Құдай өзі берді ме, өлтірмейді. Несібең қоса берді. Туыңдан деймін. Балаң көп болса, бауыр-мал болады, бір-бірін көтеріп бағады. Бір-екеумен шектеліп, біз өспейміз ғой...

Жаңақорғандық ананың сөзін айна-қатесіз қағазға осы-лай түсірдім. Өйткені, шы-найы сөзі еді. Бізге де жетіспей жүргені осы ғой...

Жаңақорған ауданы

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қаржылай қолдауымен, «Азаматтық бастамаларды қолдау» КЕАҚ-ның мемлекеттік грантының аясында «Ақ босаға» әйелдер қоғамдық бірлестігінің және облыстық Рухани жаңғыру орталығының ұйымдастыруымен «Береке-лі отбасын қалыптастыру» тақырыбында семинар-тренинг өтті.

Ғазиза ӘБІЛДА, «Сыр бойы»

Семинар тренері – профессор, психология ғылымдарының PhD докторы, Психология ғылымдары халықаралық академиясының корреспондент-мүшесі Құлмаш Елшібаева, ал модераторы – жоба жетекшісі Зейнар Тажиева.

Шараға Қарағанды, Нұр-Сұлтан қалалары мен Қызылорда облысынан 250-дей адам қатысты. Атап айтқанда, жас отбасылар, көпбалалы отба-сылар, әлеуметтік педаго-ғтар, психологтар, мұғалімдер сынды түрлі органның өкілдері

ұлттық бірегейлімізге тән шаңырақтың қадір-қасиетін арттыру бағытында отбасылық қарым-қатынасты дұрыс қалыптастыру мәселесіне на-зар аударды. Осы орайда пе-дагогика саласының бірегей маманы, «Рухани жаңғыру» орталығының бөлім басшы-сы, педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Әліма Әбдіхалықованың пі-кірін білген едік.

— Қазақстанның Тұңғыш Президенті-Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Бо-

лашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы түп-түгел ұлттық құндылықты сақтау және нығайтуға бағытталған. Мә-селен, қазіргі жаһандану үдерісінде заманауи білім беру, заманауи қарым-қатынас құру мәселесі алға шықты. Осы орайда біз ұлттық коддымыз бен ұлттық бірегейлімізге сай идеологиялық жұмысты қарқынды жүргізуіміз қажет. «Отан отбасынан бастала-ды» деген халық даналығын терең түсініп, отбасылық құндылығымызды сақтай оты-рып, ұрпақ тәрбиесінің заманға лайық үлгісін қалыптастыра білгеніміз жөн, — дейді ол.

Семинарда талқыланған тақырыпқа орай қазақ әде-биетінің көркем шығарма-ларындағы басты кейіпкерлер болмысын мысалға ала оты-рып, ұлттық тәрбиенің мықты-лығына назар аударған фило-логия ғылымдарының кандидаты,

доцент, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетіндегі М.Шоқай атындағы әдеби бір-лестіктің жетекшісі Айман Айтбаеваның пікірі көпшілікке ой салды.

Семинарда «Өмір – қайталанбайтын қысқа сәт» деген тақырыпта пікірталас болып, онда ата-ене мен келін арасындағы сыйластықтың сы-рын ашатын психологиялық жаттығулар жасалды. Со-нымен бірге, Эриксон гип-нозы, Эриксон метафорасы (жеңіл транс арқылы негативті ойлардан арылу) сияқты психологиялық әдістер пайда-ланылды. Қатысушылар өз ой-ларын ортаға салып, тренердің тың әдістерінен тәжірибе алды. Сондай-ақ, шара сонында алғыстарын білдіріп, семинардың пайдасы мен оң әсері туралы пікір қалдырды.

Айта кетейік, семинарға қатысушыларға арнайы серти-фикаттар берілді.

«BIRGEMIZ: TAZA ALEM»

БҮКІЛӘЛЕМДІК АКЦИЯҒА ҮЛЕС ҚОСТЫ

Сенбі күні елімізде ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің бастамасымен бүкіләлемдік «World Cleanup Day» экологиялық акциясы ұйымдастырылды.

Заман дамыған сайын табиғат өзгеріп, қоршаған ортаның ластану деңгейі де артып келеді. Сондықтан 2008 жылы эстониялықтар ұлттық тазалық күнін өткізуге шешім қабылдады. Бірақ идея-ны тек Эстония халқы емес, өзге елдер де бірден қолдап, 12 жылдан бері атап өтіліп келеді. Бүкіләлемдік тазалық күніне орай акция «World Cleanup Day» деп аталған. Былтыр бұл бастамаға 169 елдің еріктілері үн қосыпты.

«СБ» ақпарат

САЛТ

ИТКӨЙЛЕК КИГІЗУ

Дүние есігін ашқан сәбеге ең алғаш тігісін сыртына қаратып, киім тігіп кигізеді. Бұл киімнің атын «иткөйлек» немесе «итжейд» деп атаған. Біздің бала күнімізде осы дәстүр ел ішінде жақсы сақталған еді.

Киімнің бұлай аталуы жайындағы мына бір қызықты аңыз «Салт-дәстүр сөйлейді» атты кітапта былайша тарқатылыпты.

«Тәңірі тағала адамның мүсінін жасағанда оның кіндігін алынған бір шөкім балшықтан итті жаратады. Иттің адамнан үнемі айрылмай, қайда барса да иесінің мал-мүлкін қорып, адамға серік болып жүретіні сол екен. Кіндік балшығынан жаралған соң алғашында оның терісі түксіз, жалаңаш болатын.

Адам Ата жаралған соң оны қырық күн, қырық түн ит күзетіпті. Ібіліс Адамға жақын келіп:

— Алла сені несіне жаратқан? Түрің құрысын! — деп, Адамның бетіне түкіріп жібереді. Сол сәтте ит Адамды қорғап, Ібіліске тап береді. Ібіліс итке ашуланып, қаһарын төгеді. Ібілістің қаһары асып түсіп, ит тоңып өледі.

Алла тағала иттің ерлігіне риза болып, оны қайта тірілтіп, денесін жүні қалың терімен қаптапты. Адамның шаңырағынан мекен берді. Ал Ібіліс Адам бетіне түкіргендіктен, адам әртүрлі кеселге шалдығатын болатын.

Адам Ата мен Хауа Ана жер бетіне алғаш түскен кезде де ит оларға сенімді серік болатын. Оларды бәле-жаладан, қауіп-қатерден құтқарып, қорған болған екен.

Қазақ ежелден ырымшыл халық емес пе?! Жаңа туған баланы пәле-жәледен қорғасын деп иткөйлек кигізіп, ырымдау со-дан қалыпты. Иткөйлекті балаға қырықан шыққанша кигізеді. Оны шығ, сиса, бөтес, бөз сияқты жұмсақ маталардан жасайды. Тысын сыртына қаратып, шетін бүкпейді. Жағасын ойып, өңіріне баланың ба-сын сыятындай етіп тік тілік жасайды.

Баланы қырықан шығарғасын ит көйлекті далаға тастамайды. Дауға барған шешен, жауға шапқан батыр туған жердің бір уыс топырағымен бірге баласының ит жейдесін қойнына тығып, өзімен бірге ала жүрген. Себебі, «көйлек қауіп-қатерден, пәле-жаладан сақтайды» деп ырымдаған. Бұған қоса, басы жоқ әйелдерге де иткөйлекті ырым етіп береді.

«СБ» ақпарат

СІЗ ҚАЙДА ЖҮРСІЗ?

АЗИЯ ЧЕМПИОНЫНЫҢ АРМАНЫ

Қызылорда велоспорт мектебі талай шеберлерді тәрбиелеп шығарды. 2007 жылы қызылордалық Берік Көпешов велотрестен Азия чемпионы атанды. Одан кейін халықаралық «Астана» вело клубының жастар құрамында болған ол біраз жылдан бері жанкүйер көзінен таса қалып қойды. Көпшілік көкейінде оның қайда жүргені жөнінде сауалдың болғаны рас.

Әділжан ҮМБЕТ, «Сыр бойы»

Берік спорттан шеттен кеткен жоқ екен. 2012 жылы түрлі себеп-пен велоспортпен қош айтысты. Сол жылы бапкерлік қызметке бет бұрды. Қызылорда қаласындағы арнайы мамандандырылған вело-спорт мектебінде шәкірттерге тәлім берді. Соңғы екі-үш жылдың көлемінде елордала қызмет атқарып жүр. Ұлттық құрама са-пында жастарға велотрек бойын-ша тәлім береді.

— Мен үлкен спортқа 2002 жылы келдім. Ол кезде 15 жас-тан асқан едім. Әдетте, бала-лар одан ертерек қадам басады. Соған қарамастан велоспорттың

қыр-сырын үйренуге көп уақыт жұмсадым. Алғашқы бапкерім — Жетес Сүлейменов қияндығы мен қызығы қатар жүретін спорттың қыр-сырына баулудан жалыққан жоқ. Көп ұзамай еліміздегі түрлі жарыстарға алып барды. Алдыңғы орындардан көріне бастадым. Осылайша жеңісті жолдарым жалғаса берді. 2007 жылы вело-трестен Азия чемпионы атандым, — деді Берік бізбен әңгімесінде.

Мамандардың айтуынша, ол келешегінен үлкен үміт күттіре-тін спортшы еді. Еліміздегі білікті бапкерлер сан алуан сайыстарға алып барды. Шеберлігі шың-

далған шымыр жігіт осылайша өзінің есімін әлемдік деңгейде жарқыратап көрсете бастады. Берік бүгінде көптеген беделді бәсекелерде Қазақстан атынан қатысып жүрген «Астана» вело-клубының жастар құрамында бақ сынауы сол сенімнің бір көрінісі болса керек-ті. Десе де 2012 жылы үлкен спортпен қош айтысуын көп адам түсінбей қалғаны жасы-рын емес.

Берік қазір өзінің ізбасарларын тәрбиелеп жүргенін айтады. Олардың қатарында жерлесіміз Бауыржан Жаппарұлы бар. Азия құрлығында жүздегерлер қатарында көрінген ол алдағы уақытта жанкүйер сенімін ақтайды деуге әбден болады. 2017 жылы Үндістанда өткен жастар арасындағы Азия чемпионатында командалық жарыста қызыл-ордалық Ғабиден Жәсен жеміспіз тұғырынан көрінді. Елімізде олар-дан басқа да ертеренің үлкен үміт күттіретін жастары баршылық.

— Кезінде біздің облыста екі велоспорт мектебі жұмыс істеген екен. Одан бергі жыл-дарда екеуінің орнына арнайы мамандандырылған мектеп талай өреннің жеңісті жолына ажқол тіледі. Байқаймын, қазір спорттың бұл түріне балалар тарапынан қызығушылық азайып кеткен секілді. Сондықтан кенінен насихаттау ісіне көңіл бөлінсе деймін. Облыс орталығынан бөлек аудан-дарда да арнайы үйірмелер анылса құба-құлп. Сон-да таланттарды табуға мүмкіндік туады, — деді ол.

Берік қазір еліміздің қай өңірінде де велоспорт-ты дамытуға барлық жағдай бар екенін айтты. Бұл салада материалдық-техникалық база жақсарған. Балаларға арналған велосипедтер алынды. Елордала әлемдік деңгейдегі жарыстарды өткізуге болатын велотрек алаңы салынды.

— Дүние жүзінде спорттың бұл

түрінен алдыңғы қатарда келе жатқан Испания, Италия, Ре-сей спортшыларының қатарына қазақстандық жастар да қосыла-ды деп үміт арттамын. Қазір мемлекет тарапынан лайықты қолдау бар, — деді Берік.

Мұхит ҚОНАРОВ, сержант, Қызылорда гарнизоны баспасөз қызметінің бастығы

